



# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Этиканы үйретуге бола ма? Оны  
меңгеру мүмкін бе?






Кітап: **Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері**  
Дәріс: **Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?**  
Дәріс атворы: **Ақмарал Байдлаева**

## Этиканы үйретуге бола ма?

Кейбір колледж және университет бағдарламалары не себепті өз студенттерінің этика курсын өткенін талап ететінін білу қызық болар еді. Бұл талап этика немесе моральдық философия курсы адамдарды, расымен де, жақсырақ, мейірімдірек ете алады деген сенімнен туындайды ма?

Біз таныстырып отырған кітаптың авторларының айтуынша, этиканы үйретуге бола ма деген сұрақты көтергенде, сұралған студенттер түрлі жауап берген екен. Мысалы, бір студент «Егер оны үйретуге болмайтын болса, онда біз бұл сабаққа не үшін барып жүрміз?» - деп таңғалды. Басқа бір студент: «Қылмыстық іс-әрекетке кінәлі деп мойындалған кейбір корпорация жетекшілерінің мінез-құлқына қараңыз. Әрине, олар тиісті этикалық құндылықтарды ұғынбаған» жауап берді.



*Платон (б.з.д. 429 және 427 жж.) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, Аристотельдің ұстазы.*

Студенттердің үшінші тобы осы екі көзқараспен де келіспеді. Кейбір асқақ мұраттар немесе білім түрлерін үйретуге болатынына қарамастан, этикалық мінез-құлыққа үйретуге болмайды, себебі, олардың айтуынша, бұл - жеке таңдау мәселесі.

Көне грек философы Платон этикаға үйретуге болады деп санады. Оның айтуынша, «Бүкіл зұлымдық - надандықтан». Басқаша айтсақ, біз бірдеңенің бұрыс екендігін білмегендіктен немесе оған сенбегендіктен, бұрыс нәрсе жасаймыз; ал егер біз бірдеңенің дұрыс екендігіне расымен де сенетін болсақ, біз оны міндетті түрде жасауға тиіспіз.

Әйткенмен, біз өз тәжірибемізге сүйене отырып, Платонның пікірімен келіспеуге хақылымыз. Егер мен, мысалы, тәтті бәліштің екінші тілімін жемеуім тиіс екендігін біліп тұрсам да, бұл менің оны жемейтінімді білдіре ме? Бұл, жалпы мүмкін бе?! Платон «білу» сөзінің мәнін зерттеу немесе түсіндіру арқылы бізді өз пікірінің растығына сендіруге талпынар еді. Егер біз бүкіл жүрегімізбен және ақыл-парасатымызбен бірдеңенің бұрыс екендігіне расымен де сенімді болсақ, біздің мұны жасамауымыздың ықтималдылығы жоғары болар еді. Алайда, этика курстары студенттерді осындай нәрселерге сендіруге талпынуы тиіс деген пікір, әлбетте, дау тудырып, күмән келтіреді.

## Этикадағы мотивация проблемасы

Этиканы оқыту мәселесінің тағы бір қыры мотивация проблемасын қамтиды. Егер біреу жасалуы дұрыс нәрсенің не екенін біліп тұрса, біз мұны не себепті жасауымыз қажет деген сауал жауапты талап етеді ме? Адамдарды этикаға сай әрекет етуге ынталандыру жолдарының бірі – дұрыс әрекет жасау олардың өз мүддесіндегі нәрсе екенін көрсету.

Мораль саласын зерттейтін философтардың көбісі этика курсын этикалық тұрғыда пайдалы санайды. Ол студенттерге этикалық мәселелердің табиғатын түсінуге және, тұжырымдамалық құралдар мен дағдыларды ұсына отырып, этикалық сауалдарды сыни ойластыруға көмектесуі тиіс. Бұл оларға этикалық аргументтерді қалыптастырып, сыни талдауға мүмкіндік беруі қажет. Қалай болғанда да, адам бұл дағдыларды этикалық мәселелерге байланысты ой пайымдау үшін қолдануы тиіс. Этиканы зерделеу студенттерді қарама-қарсы көзқарасты құрметпен қабылдауға жетелеуі тиіс, себебі этика олардың өз көзқарастарына қарама-қайшы пікірлерді қолдайтын аргументтерді мұқият талдауды талап етеді. Сонымен бірге, этика, кем дегенде, олар, бәлкім, қарастырып көрмеген кейбір көзқарастардың ойға қонымдылығын ұғынуға жол ашады.

Бұл дәрістеріміздің барысында біз этиканы философиялық тұрғыда зерделеу дегеніміз не екендігі туралы біраз нәрсені білетін боламыз. Біз бірнеше метаэтикалық мәселелерді қарастырып шықтық. Біз этикалық ой-пайымдар мен аргументтердің мазмұндамасын келтірдік. Біз этикалық теориялардың түп-тамыры мен олардың этикалық пайымдаудағы рөлін қысқаша зерделедік. Келесі дәрістерде біз бұл теорияларды егжей-тегжейлі зерделеу, олардың бізге нақты этикалық сұрақтар бойынша талдау жасап, қорытынды жасауға қалай көмектесе алатынын байқаймыз.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Аталған сұрақтарды жақсырақ түсіну үшін сіздер Барбара МакКиннон мен Эндрю Фиаланың «Этика. Теория мен қазіргі мәселелер» атты оқулығының бірінші тарауында оқу үшін ұсынылған Дэвид Юмның алғаш рет 1739 жарияланған «Адам табиғаты туралы трактатынан» және жиырмасыншы ғасыр философиясының ағылшын-америкалық дәстүрінің өкілі, философ Ч.Л.Стивенсонның еңбектерінен келтірілген үзінділерді оқысаңыздар болады.

*Дэвид Юм (ағылш. David Hume; 1711-1776жж.) – шотландиялық философ, эмпиризм, психологиялық атомизм, номинализм және скептицизмнің өкілі, экономист және тарихшы, публицист, шотландиялық Агартушылықтің ең көрнекі қайраткерлерінің бірі.*



Юмның еңбегінен алынған үзіндіде сипаттаушы немесе дескриптивті талаптардан нормативті талаптарды өрбіту мәселесі, инцест мораліне ерекше мән бере отырып, бар-дан болуы тиіс деген талапты шығару мәселесі талқыланады. Стивенсон этика мен жаратылыстануды біріктірудің қиындығын ортаға салып, этикалық терминдерді түсінудегі эмотивистік ұстанымды алға тартады.

### **Интеграцияланып жатқан әлемдегі әралуандық мәселесі**

Ал енді біраз ойланып көрейік. Біз барған сайын интеграцияланып, біріктіріліп жатқан әлемде өмір сүрудеміз. Компьютер тінтуірін бір шертіп-ақ, бір сәтте сіз түрлі мәдениеттер мен діндердегі адамдармен тілдесе аласыз. Бұл адамдардың, біздің осы айырмашылықтарымызға қарамастан, бір-бірімізбен тіл табыса алатынымызға қарап, жігерленуге, шабыттануға мүмкіндік береді. Десек те, біз осы жағдайда әралуандық, әсіресе, діни әралуандық шиеленіс пен қиындық тудыратынын да мойындауға тиіспіз.

Діни шиеленіс үлкен мәселеге айналып отыр. Түрлі конфессиялардың діни фундаменталистері өздерінің таңдаулы діни мәтіндерінің, дәстүрлерінің және түсініктемелерінің үстемдігін айтып таласады. Саясаткерлер өздерінің мәдени және діни артықшылықтарын мәлім етеді. Кейбір діни адамдар өз дінінің қорғамақ болып, зорлық-зомбылыққа барады. Басқа діншіл адамдар кейбір радикалдардың бейтолеранттығына қарамастан, дін толерантты және бейбіт болуы тиіс деп үндеу салады.

Діни шиеленіс мәселесін шешудің бір жолы – жеке тұлғалардың адами құқықтарына қатысты негізгі талаптарға, соның ішінде діни сенім бостандығына деген құқыққа көрсетілетін құрмет. Діни бостандық идеясы қазіргі әлемнің басым елдерінің Конституцияларында бекітілген. Дін еркіндігі, сондай-ақ, халықаралық келісімдер мен институттарда немесе мекемелерде заң жүзінде бекітілген. 1948 жылы БҰҰ-на мүше мемлекеттер негізгі моральдық принциптер жинағы бекітілген Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын ратификациялады. Әралуан мәдени, діни және саяси айырмашылықтарына қарамастан, әлем мемлекеттері бұл принциптерді құптайды деп саналады.

### **Әралуандық мәселесін шешудің бір үлгісі – БҰҰ Декларациясы**

БҰҰ Декларациясының преамбуласы немесе кіріспесі адамзаттың барлық мүшелерінің «ажырамас ар-ожданы» мен «ажырамас құқықтарын» бекітуден басталады. Ол осы құқықтарды ескермеу адамзаттың моральдық ар-ұятына нұқсан келтіретін варварлық әрекеттерге алып келгенін түсіндіреді. Әрі қарай Декларация: «адамдар сөз бен сенім еркіндігіне ие болып, қорқыныш пен жоқшылықтан еркін болатын әлемді құру адам баласының асқақ ұмтылысы ретінде жария етілген» деген сөздермен жалғасады. Декларацияда бекітілгендей, Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаты – адам құқықтары мен негізгі еркіндіктеріне қатысты жалпыға бірдей құрмет көрсетуді ілгерілету.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева



*Біріккен Ұлттар Ұйымы – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы. Бас кеңсесі АҚШ-ның Нью-Йорк қаласында орналасқан. Қазіргі таңда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынды. БҰҰ Декларациясы Сан-Францискода 1945 ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл күн БҰҰ күні деп жарияланды.*

БҰҰ Декларациясы бүкіл әлемде бейбітшілік пен үйлесімділікті нығайтудың жан-жақты мақсаттарын көздей отырып, басты құқықтар, адамның ажырамас ар-ожданы және ерлер мен әйелдердің тең құқықтары туралы жаһандық келісімге қолжеткізуге бағытталған. Алайда, діни және мәдени дау-дамайлардың жалғасып жатқанына қарағанда, осы негізгі құқықтардың сипатына қатысты қарама-қайшылықтар сақталып отыр. БҰҰ құжатында сөз еркіндігі мен дін еркіндігінің маңыздылығы ерекше аталады. БҰҰ Декларациясының 18-бабында былай делінген: «Әрбір адам ой, ар-ождан және дін еркіндігіне құқылы; бұл құқық өз дінін немесе сенімді өзгерту еркіндігін, әрі өз бетінше, не басқалармен бірлесе отырып, жария немесе оңаша түрде өз дінін немесе сенімді оқыту, іске асыру, құлшылық ету және діни рәсімдерді ұстану арқылы насихаттау еркіндігін қамтиды».

Бірақ мұндай әңгімелер үлкен қауымдардың діни қайраткерлеріне тіл тигізетін болса, сөз еркіндігі қандай да бір шектеуге тап бола ма (айталық, карикатурашы әулиеге немесе пайғамбарға карикатура салғандағы жағдайда)? Мұндай әңгіме діндар адамдар тарапынан бейморальдық сипатта қарастырылатын іс-әрекеттер мен әлеуметтік ұйымдастыру іс-шараларына қолдау жасауға арналса, сөз еркіндігі шектен шыға ма (мысалы, егер бұл сөз діндар адамдар мүлде теріс қарайтын түсік жасатуға, біржынысты некелерге немесе басқа іс-әрекеттерге қатысты болса)? Әлемнің кей жерлерінде дін еркіндігі жолдан таюшылық немесе Құдайға қарсы шығуға апаратын жол сияқты үлкен кінә, ретінде қарастырылады, ал бұл – жазалауды талап ететін қылмыс. Бұрынғы ғасырларда христиандар сиқыршылар мен дінбұзарларды тірідей өртейтін болған. Қазіргі таңда да, исламның кейбір түсіндірмелеріне сай, құдайы жолдан таюшылық пен Құдайға қарсы шығу өліммен жазланады. Әрине, бұл өте өкінішті, адамгершілік заңдарына қарсы жағдайлар, әрі оларды теріс айналып өтіп кетуге болмайды. Осындай жағдайлардың кеңінен жария болған бір мысалы ретінде ирандық діни қызметкер және жоғары көшбасшы аятолла Рухолла Хомейнидің 1889 жылы романист Салман Рушдиді аятолланың өзі Құдайға қарсы деп санаған романы үшін өлтіруге шақырған пәтуасын немесе діни декретін атауға болады. Сонымен қатар Дональд Трамп сияқты ықпалды саяси үміткерлер Құрама Штаттарына мұсылман иммиграциясына тыйым салуға үндеді. Ал америкалық діни қайраткер Франклин Грэм сияқты кейбір діни көшбасшылар исламның америкалық құндылықтармен үйлеспейтінін алға тартып, екі діннің, екі аса үлкен қауымның арасында алауыздық тудырады.

Құрама Штаттарындағы ислам мәселесі алдыңғы қатарлы мәселеге жататынына қарамастан, біз діни әралуандық бүкіл әлемде орын алып жатқан проблема екенін ұғынуымыз тиіс. Индиядағы сикхтар мен индуистер, тибеттік буддистер мен Тибеттегі қытай күштері, сондай-ақ, израильдіктер мен палестиналықтардың арасындағы қақтығыстар орын алғаны белгілі. Бұрынғы ғасырларда да христиандық секталар бір-біріне қарсы күрес жүргізіп, ал еврейлер қудаланып және жойылып келді. Бұл мысалдар пікір білдіру еркіндігі мен діни әралуандыққа деген құрметтің негізгі идеясы қатаң діни нанымдар мен діни фанатизмге қарама-қарсы тап болып, құндылықтардың айтарлықтай қақтығысы орын алғанын байқатады. Діни айырмашылықтар әлде де қақтығыстар көзі болып отыр. Кейбір діни көзқарастар тұрғысынан төзімділік пен дін еркіндігінің негізгі идеялары моральға қарсы нәрсе ретінде қабылданады. Бәлкім, Америка Конституциясының Бірінші түзетуі немесе БҰҰ Декларациясында бекітілген идеялар тек батыстық зайырлы демократиялардың аясында ғана ықпалды болар. Бұл құндылықтарды буддизмді, конфуцийшілдікті, исламды немесе әлемдік діндердің кең қатарындағы басқа да дәстүрлерді ұстанатын адамдар құп көре ме? Құндылықтардың қай жиынтығын ең басты деп санасақ болады: діни еркіндікке құрмет білдіру сияқты зайырлы құндылық па, әлде дін жолындағыларға ерекше қымбат секталық құндылықтар ма?

Бұл этиканың дінмен қалай тығыз байланысатыны турасындағы маңызды сұрақты көрсетеді. Соңғы кездердегі оқиғалар бұл мәселені алдыңғы қатарға шығарып жатса да, бұл пікірталасқа қатысты тарихтағы тамыры тереңге бойлаған жайттар бар. Батыс философиялық дәстүрінің атасы Сократ Афиндердің




Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

діни және саяси биліктерімен арадағы қарым-қатынаста біраз қиындыққа тап болды. Сократ әділдік, ержүректілік, махаббат және достық сияқты идеяларды түсіну үшін адамдардан моральдық ұғымдарды қалай анықтайтынын сұрайтын болған. Алайда оның философиялық ізденістері скептицизммен ерекшеленеді. Ол дәстүрлі дінге, дәстүрлі саяси билікке және дәстүрлі даналыққа сынмен қараған.

Ол Афиндерде «ызындап жүріп», шағатынын, түрлі нәрселерге «тыныштық бермей, сипап жүретінін» айтып, өзін «бөгелек» деп атайтын болған. Ол осы еңбегінің арқасында афиндықтарға моральды ұғындырып, оларды ізгілікті ете алатынына сенді. Көптеген афиндықтар Сократты қорлаушы, тіпті моральдан жұрдай адам санады. Кейбірі оны ел тыныштығын бұзатын қауіпті тұлға ретінде қабылдады. Ақыр аяғында ол сотқа тартылып, ресми түрде қала құдайларына сенбейтін және оның жастарын түзу жолдан тайдыратын азғын ретінде айыпталды. Айыптаушылардың көбі оны атеист деп күмәнданды. Нәтижесінде ол өлім жазасына кесілді.

*Сократ (б.з.д. 470-399 жж.) – ежелгі грек философы.*



## **Еркіндік, космополитизм және Еуропалық Ағартушылық**

Сократтың хикаясы философиялық ізденістің карама-қайшы сипаты мен философия мен діннің арасындағы өзара байланыстың күрделілігін айқын етеді. Бізге Сократтың афиндық мораль мен дін туралы сұрақ көтергені үшін өлім жазасына кесілгенін көз алдымызға елестетудің қиындығы сол – біз бүгінгі таңда дін мен моральға келгенде жан-жақты еркіндікке үйреніп қалғанбыз. Ал ежелгі замандарда, тіпті орта ғасырларда, діни тәртіпке бағынбау аса қатыгез жазалауды талап ететін қылмыс саналған. Қазіргі зайырлы елдер халқына біздің еркіндігіміздің бірегейлігі – төзімділік пен плюрализмнің анық батыстық дәстүрдің өнімі екендігіне сену ұнайды. Алайда, тарих туралы жалпылама қорытынды жасағанда сақ болғанымыз жөн. Әлем тарихында төзімді және қатып қалған нанымдарға бағынбайтын дәуірлер көп болған. Буддистік император Ашока, әрі мұсылман император Ақбар төзімді тәртіп орнатқандарымен тарихта есімі қалды. Ал конфуцийшілдік кезеңінде Қытай түрлі діни ұстанымдарға төзімділік сақтай білген. Біз Қытайдың 1692 жылы христиандық миссионерлік қызметке рұқсат беретін «Төзімділік эдиктінің» жария еткенін ұмыт қалдырамыз – ал осы кезеңде Еуропада протестанттар әлде де қудаланып келді. Расымен де, ол кездерде философ Лейбниц пен басқа да еуропалықтар Қытай мен конфуцийшілдікті олардың ашық және төзімді рухы үшін мақтайтын.

Әлемдік тарих беттерінде ой еркіндігін ұстанғандар қатары жазылып қалды – олардың арасында Сократтың ізбасарлары мен басқа да мәдени дәстүрлер өкілдері бар. Дегенмен, осындай мәселелерді түсіну үшін қолданылатын терминологиямыздың басым бөлігінің түп-тамыры батыстық ойлау дәстүрінен бастау алады. Философия, саясат және этика терминдері грек тілінен алынған. Әрі біз де, бұрынғыша, төзімділік, еркіндік және жеке тұлға құқықтарының дамуы туралы еуроцентристік немесе Батысқа бағдарланған тарихты алға тартуға бейімбіз.

Бұл үйреншікті тарих көбіне Сократтан, оның сотқа тартылуы мен жазалануынан, оның идеяларының шәкірті Платон мен Платонның шәкірті Аристотельдің дамыта түсуінен басталады. Сократ ізбасарларының бірі – Диоген киник, әлеуметтік шарттылықтарға бағынудан бас тартып, өз заманының билеушілерімен антагонистік қатынаста болған еркін рух иесі еді. Бір көне аңызға сенсек, Ескендір Зұлқарнайын ежелгі әлемді жаулап алуға даяр жас жігіт кезінде күн көзіне жылынып отырған Диогенге келіпті-міс. Күн шуағына қызып жатқанына кедергі келтірген жас ханзаданың талабын тыңдамақ болып, Диоген Ескендірден не оймен келгенін сұрайды. Ескендір әлемді жаулап алмақ ниетпен әскерімен жолға аттанғалы жатқанын айтады. Диоген: «Одан соң не болады?» деп сұрайды, сонда Ескендір одан соң жаны жай табатынын мәлім етеді. «Олай болса, сен сонша әуреңнен қазір-ақ құтылып, менімен күн шуағына қыздырынып, жаныңа тыныштық неге бермейсің?» - дейді Диоген. Таң қалған Ескендір Диогеннен оның қай жердің тумасы екенін сұрайды, сонда ол: «Мен космополитпін», яғни, «әлем азаматымын» деп жауап қатады.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева



*Синоптық Диоген (б.з.д. 412 ж, Синоп – б.з.д. 323 ж., Коринф) – сонымен қатар, Диоген киник ретінде танымал ежелгі грек философы, киниктер мектебінің негізін салушы Антисфеннің шәкірті. Суретте: Иоганн Тишбейннің «Адамды іздеген Диоген» туындысы.*

Бұл хикаяда Диоген біз батысқа тән философиялық ұстаныммен байланыстырып үйреніп қалған қандай да бір нақты ұлттан немесе мәдениеттен-құндылықтан өз еркіндігі мен тәуелсіздігін алға тарта отырып, жалпыға ортақ билікке қатысты скептицизмді байқатады. Бұл ұстаным дәстүрлі иерархиялардан жеке тұлға еркіндігінің, жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрлерден универсал моральдың басым екендігін ерекше көрсетеді. Диогеннің көзқарасы сияқты, бұл - космополиттік ұстаным: ол ұлттық, мәдени немесе, көп жағдайда, діни дәстүрлерге тәуелді емес, адамзаттың біртұтас моральдық қауымдастығына талпынады. Әрі біз қажеттілік ретінде қабылдайтын көптеген нәрселерге күмән келтіреді. Біз не себепті аға офицерлерге құрмет білдіріп, сәлем береміз? Біз не себепті оң жақпен жүреміз? Біз не себепті тамақты пышақтармен және шанышқылармен жейміз? Сайып келе, біз не себепті белгілі бір діни наным-сенімдер мен рәсімдерді қабыл аламыз да, басқаларын теріске шығарамыз? Бұл – біздің қайда және кім үшін туылғанымыздың мәселесі ғана ма?

### Этикадағы бостандық мәселелері

Бүкіл әлем бойынша түрлі айырмашылықтар, соның ішінде орасан діни айырмашылықтар бар екендігі рас болса да, космополиттік көзқарас өмір мен бостандыққа құрметпен қарау сияқты белгілі бір этикалық принциптерді универсалды түрде құнды санайды. Батыстық әлемде біз бұл идеяларды қазіргі ұлттық мемлекеттер заңдарында институттық тәртіпте бекітіп қойғанбыз. Халықаралық құқықтың, соның ішінде БҰҰ Декларациясының артып жатқан ауқымы жеке тұлғалық бостандықтар мен адам құқықтары туралы негізгі идеялардың жиынтығын қамтиды.

Біз төзімділік пен еркіндік тек батыстық құндылықтар емес екенін бұған дейін атасақ та, әдетте ойға түсетін тарих санағы бұл құндылықтардың он жетінші және он сегізінші ғасырларда Еуропада дами түскенін көрсетеді. Бұл кезен Ағартушылық дәуірі ретінде танымал. Бұл – осы кітапта есімдері аталатын көптеген философтар еңбек еткен кезең: олардың қатарында – Локк, Юм, Кант, Бентам және басқалар. Бұл философтар бостандық пен төзімділікті басты құндылықтар санаған. Олар тарихты прогрессивті бағытта дамып жатыр деген оптимистік көзқарасты ұстанды. Олар прогресс адам ақыл-парасатының қолданылуының арқасында іске асады деп ойлады. Сонымен бірге, олар ортақ құндылықтарды ашу мен басқа мәдениеттерді зерттеуге қызығушылық танытты. Оған қоса, бұл кезеңде көптеген философиялық идеялар, америкалық және француз революцияларындағыдай, революциялық саясатта іске асырылды.

Америкалық революция сол елдің Тәуелсіздік Декларациясындағы танымал сөздерден бастау алғанын байқауға болады. Бұл сөздер мынадай: «Біз барлық адамдар тең болып жаратылған, ал Жаратушы оларға өмір, бостандық және бақытқа ұмтылу сияқты белгілі бір ажырамас құқықтар сыйлаған деген ақиқаттарды өздігінен дәлелді санаймыз». Джон Локк құрап шыққан табиғи құқық дәстүріне жүгіне отырып, Декларация америкалық қоғам негізіне жеке тұлғалар бостандығын салады. Құрама Штаттарының Конституциясы одан әрі ілгерілеп, үкімет араласпауға тиіс жеке бас бостандығы салаларын жіктеп көрсетеді. Біздің мақсаттарымызға дәлел боларлық бір мысал – Құрама штаттар Конституциясына қосымша Бірінші түзету, онда былай делінген: «Конгресс дінді тағайындауға немесе оны еркін насихаттауға тыйым салатын, не болмаса сөз немесе баспа еркіндігін немесе халықтың Үкімет алдына өз арыздарын қанағаттандыру үшін бейбіт мақсатта жиналып, уәжін айтатын құқығын шектейтін бірде бір заң шығармауы тиіс». Бірінші түзету ел заңымен діни сенім бостандығын («еркін жүзеге асыру» деп аталатын ереже аясында) бекітіп, үкіметке дін мәселесімен айналысуға тыйым салады. Яғни, америкалық жүйе Сократты өлімге кесіп, «бекітілген» мемлекеттік дін билікке осы дінге қайшы келеді деп қабылданатын әңгімесі үшін жаза қолдануға жол берген қоғам типінен ашық түрде бас тартатынын көруге болады. Жалпы, қарап тырсаңыз, біз ежелгі Афиндерден бастау алатын ұзақ жол жүріп шықтық.

Философтар жеке бас бостандығын ерекше атайтыны орынды да. Философиялық ізденіс тақырыптардың үнемі кеңейіп отыратын арнасын жан-жақты зерделеуді қамтиды. Егер біз сұрақ қою, пікір таластыру және ойлау еркіндігіне ие болмасақ, лайықты түрде философиялық ізденіс жасай алмаймыз. Мораль



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этиканы үйретуге бола ма? Оны меңгеру мүмкін бе?  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

турасында философиялық ой толғаныстар космополиттік бағытта жүргізілетіні де әбден түсінікті. Құрама штаттарының Тәуелсіздік декларациясының авторларының бірі, қоғам қайраткері Томас Джефферсон «барлық адамдар тең» дегенде, өмірге, бостандыққа және бақытқа ұмтылу сияқты ажырамас құқықтар барлық адамдардың, барлық мәдениеттердің игілігі екенін меңзейді.

Әлемдік тарихқа немесе бүгінгі газетке көз жүгіртетін болсақ, мұндай бітімнің немесе келісімнің жоқ екендігі анық көрінеді. Ұзақ уақыт бойы Құрама Штаттарының өзінде де көзге анық көрінетін проблемалар ретінде барлық «адамдар» расында да тең болып жаралған ба деген сұраққа, құлдыққа, расизмге және сексизмге байланысты айтарлықтай қарама-қарсы пікірлер орын алып жатты. Құлдық жойылғаннан кейін де біз әйелдердің мәртебесі туралы пікірталастарды жалғастыра бердік. Жаһандық ауқымға келсек, бұл мәселелер әлде де шешімін таппай келеді.

Қорытындылай келе, біз адамзат тарихы құндылықтарға келгенде түрлі қайшылықтарға толы екеніне көз жеткізіп отырмыз. Технологиялық жағынан біз қаншама шапшаң ілгерілеп отырсақ та, құндылықтар саласында әлде де келісе алмай отырмыз, әрі мұндай келісім, жалпы, мүмкін бе? Мүмкін болса, қашан? деген сұрақтардың жауабын дәл бүгінгі күні бере алмайтын сияқтымыз. Бірақ біз адам баласымыз. Сондықтан адамгершіліктің асқақ мұраттары бізді бей-жай қалдырмауы тиіс. Келесі дәрісте біз бұл тақырыпта жалғастыра түсеміз. Ал әзірге мен сіздерге уақыт бөліп, тыңдағандарыңызға алғыс білдіріп, келесі жолы кездескенше қош сау болыңыздар деймін!

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Alfred North Whitehead, *Process and Reality* (New York: Macmillan, 1929).
2. E. O. Wilson, *Sociobiology: The New Synthesis* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1975).
3. E. O. Wilson, *On Human Nature* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978).
4. See Richard Dawkins, *The Selfish Gene* (Oxford: Oxford University Press, 1989).
5. See Frans de Waal, *Good Natured: The Origins of Right and Wrong in Humans and Other Animals* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1996).
6. Morton Hunt, *The Compassionate Beast: What Science Is Discovering about the Human Side of Humankind* (New York: William Morrow, 1990).
7. G. E. Moore, *Principia Ethics* (Buffalo, NY: Prometheus, 1903).
8. W. D. Ross, *Foundations of Ethics* (Oxford: Clarendon Press, 1939).
9. Michael Ruse, *Sociobiology: Sense or Nonsense?* (New York: Springer, 1985).
10. Richard Dawkins, *The Selfish Gene, 30th Anniversary Edition* (Oxford: Oxford University Press, 2006).